

С.Д. Елгонова*

магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы : sandu14021978@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Түйін

Біздің еліміздегі қоғамдық өмірді дамытудағы балаларды музыкалық тәрбиелеу проблемалары болып жатқан барлық өзгерістермен тығыз байланысты. Сондықтан жалпы білім беретін мектепте музыка сабақтарына арналған жаңа бағдарламалар жарияланады, сонымен қатар музыкалық білім мен тәрбие саласындағы бірқатар жаңалықтар бар. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында музыка мұғалімдері қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, орта мерзімді жоспарлармен, мақсаттармен, міндеттермен танысады және іс жүзінде музыка сабақтарын өткізеді. Жалпы білім беретін мектепте 1-сыныпқа арналған музыка бойынша жаңартылған бағдарлама үш тілді білім беру жүйесінде әзірленді, авторлары М.А. Оразалиева, С. К. Омарова. Музыка мұғалімінің мақсаты-қазіргі әлемге көшуге қабілетті бәсекеге қабілетті, шынайы тұлға ретінде танылады . : Құлманова Ш., Сүлейменова Б. Типтік бағдарламаның ережесіне, сондай - ақ дидактикалық қағидаларға сүйене отырып, 2 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың мүдделеріне, бейімділіктері мен қажеттіліктеріне, сондай - ақ дамытушылық сипаттағы оқу материалдарына мән берілген.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, жаңартылған, музыка, мұғалім, бағдарлама, оқушылар, қабілет, іс-әрекет, жоспар, үш тілдік.

Кіріспе

Әуен адамды шаттыққа бөлеп мұң зарын сейілткен. Музыканың әсер ықпалының күштілігі соншалық, ол адамдардың мінез — құлқымен салт-дәстүрінде өзгерте алады. Сөзіміз дәлелді болу үшін қытайлық тарих танушы, музыка зерттеушісі Сыма Цяньның мына пікірін еске алайық: Дүниеге келген адам өміршең рухты, жүрек пен сананы еншілеп туады. Ал қайғы мен шаттық, ашу мен қуаныш болса туа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің өзгеруі ғана, адам бойындағы сезімді қалыптастыратын да сол сыртқы әсерлер. Әуен — рухани қазына. Рухани қазынаның мөлдір бастау бұлағынан нәр ала білген бала адамгершілік пен асыл қасиеттерді бойына сіңіріп-өседі [1]. Әнге әуес, күйге құмар бала — жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі М.Әуезов. Туғанда дүние есігін ашады өлең — деп Абай атамыз жырлағандай шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап — ақ музыка әсер етеді. Ең алғашқы анасының әлдиі, бесікке таянып айтқан ананың бесік жыры бөбектің жанын тынышталдырып тәтті ұйқыға кетуіне әсер етеді. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар Шілдехана, Бесікке салу, Қырқынан шығару т.б. бәрі де әнсіз, өлеңсіз, жырсыз өтпеген. Бала өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Міне, осындай сыртқы ортаның әсерінен бала бойында әдемілікке, әсемдікке деген сезім күй қалыптасып, эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік туғызады [2]. Ана әлдиін бойына сіңіріп өскен сәби тәй-тәй қадам басқаннан-ақ балабақшаесігінашады. Курстық жұмысының өзектілігі. Әуен — адам өмірінің серігі, эстетикалық тәрбие негізі болып табылады. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері туа бітпейді, ол өсу, даму процесінде қалыптасады. Музыканың адам өміріндегі мәні ерекше. Ол жоқ жерде, адам тірлігі де жоқ деп Ю.Фучек өте тауып айтқан. Сол балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жақты жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады. Ән айту — музыкалық тәрбиенің аса маңызды құралы және баланы жан-жақты жарасымды жетілдіру міндеттерін шешуде елеулі роль атқарады. Қазіргі заманғы еліміздегі саяси - қоғам өмірінің дамуындағы балаларға музыкалық тәрбие берудің мәселелері де, болып жатқан барлық өзгерістермен

тығыз байланысты. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептегі музыка сабағына арналған жаңартылған бағдарламалар жарыққа шығып, музыкалық білім, тәрбие беру саласында бірқатар жаңашылдық өзгерістер орын алуда. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша музыка пәнінің мұғалімдері қысқа, орта, ұзақ мерзімді жоспарлардың түрлерімен, олардың мақсат, міндеттерімен, жоспардың құрамымен танысып, іс - жүзінде музыка сабақтарын өткізуде. Авторлар М.А. Оразалиева, С.Қ. Омарованың құрастырған жалпы білім беретін мектептегі 1-ші сыныптың музыка пәніне арналған жаңа типтік бағдарламасы үш тілдік білім беру жүйесінде құрастырылған. Онда музыка пәні мұғалімінің мақсаты - бәсекеге қабілетті, заман ағымына ілесе алатын, өмірге икемді жеке тұлғаны қалыптастыру деп айтылған. Жалпы орта білім беретін мектептегі 2 сыныптың музыка сабағына арналған жаңартылған бағдарламаның авторлары: Құлманова Ш., Сүлейменова Б. Типтік бағдарламаның ережесіне, сондай - ақ дидактикалық қағидаларға сүйене отырып, 2 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың мүдделеріне, бейімділіктері мен қажеттіліктеріне, сондай - ақ дамытушылық сипаттағы оқу материалдарына үлкен мән берілген. Бағдарламадағы ән айту, музыка тыңдау, түрлі тапсырмаларды орындау барысында қолданылған әртүрлі ойындар, ойын элементтері арқылы 2 сынып оқушылары әр сабақтың алға қойылған мәселелерін шешеді.

Музыка сабағының құрамы музыка тыңдау, ән үйрену, шығармашылық тапсырмаларды орындау, музыкалы - ырғақтық қимылдар жасау, музыкалық аспаптарда орындау сияқты бірнеше іс-әрекеттерден тұрады. Осы іс - әрекеттерді музыка сабағының тақырыбын ашуда іскерлі, әрі шебер қолдана білу музыка мұғалімінің әдістемелік дайындығының деңгейіне тікелей байланысты болады. Бағдарлама 8 бөлімнен тұрады: «Өзім туралы», «Менің отбасым және достарым», «Менің мектебім», «Менің туған өлкем», «Дені саудың - жаны сау», «Салт - дәстүр және фольклор», «Қоршаған орта», «Саяхат». Әрбір бөлім бойынша оқушылар сабақтардың тақырыптарына сәйкес еліміздің, туған жеріміздің әсем табиғаты туралы мәліметтер алып, туған халқының, оның салт - дәстүрі мен музыкалық мәдениетіне деген сүйіспеншілігі мен құрметін, Отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастыруға себебін тигізеді. Сонымен қатар музыка арқылы оқушылардың саламатты өмір салты, спорттың және белсенді қимыл - әрекеттің адам және қоғам өміріндегі мәні жайында түсініктері пайда болады. Бағдарлама оқушыларға экологиялық тәрбие беруге де бағытталған. Орта мерзімді сабақ жоспарында қазақ халқының музыкасы, Қазақстанның және шетелдің классикалық композиторларының музыкалық мұралары енгізілген. Музыка сабағындағы шығармашылық іс-әрекет музыкалық әрекеттердің барлық түрінде жүзеге асады және музыка тыңдау, ән орындау, би қимылдарын жасау, шулы аспаптармен күйлерді сүйемелдеу, аңыз - күйлер мен әндерді сахналау, түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушының музыкаға деген сезімі мен қызығушылығы арқылы білінеді. Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушы музыкалық білімін тереңдетеді. Балалардың организмдерінің физиологиясына, олардың жас ерекшелігінің психологиясына байланысты музыка сабағындағы музыкалы - ырғақтық қимылдарды көбінесе бастауыш сынып оқушыларымен жасауға ыңғайлы болады. Бастауыш сынып балалары жүгіру, жүру, секіру сияқты дене қимылдарын жасауға икемді келеді. Олар шын ықыластарымен музыканың ырғағына байланысты қолдарымен шапалақ қағып, аяқтарымен жерді соғып, доп, таяқшалармен мәнерлі қозғалыстар жасайды, қарапайым музыкалық аспаптарда орындауды бейнелейді. Музыка мен қимылдың бірлесуін сезіне білу оларға тән қасиет. Музыкалы-ырғақтық іс-әрекетіндегі осы қасиеті баланың музыкалық дамуының негізі болады. Уақыттың шектелуіне байланысты, қимылдар жасауға арнаулы орынның болмауының себебінен музыка сабағында бұл іс-әрекетке азғана уақыт бөлініп, оның кейбір элементтері ғана қолданылады. Басқа да іс-әрекеттер сияқты музыкалы-ырғақтық қимылдар да, оқушылардың жан-жақты музыкалық дамуларын қамтиды, олардың музыкалық, шығармашылық қабілеттерін дамытады, Ұжыммен бірлесіп орындаудың дағдыларын қалыптастырады. Музыкаға байланысты қимылдар жасаудың тәрбиелік мәнісі ыңғайлы сезінуге белсендіреді, сабақтың музыкалық материалын терең

қабылдауларына себебін тигізеді. Қимылдардың көмегі арқылы оқушылар шығарманың өзіне тән ерекшелігінің сипатын көрсетеді. Музыкалы-ырғақтық іс-әрекетінің негізінде музыкалық материалдың мажорлы-пластикалық өңдеуі жатыр. Бұл музыканың эмоционалды әсер етуін күшейтіп, музыкалық мәнерлеу тәсілдері, музыкалық тілдің элементтері жайындағы түсініктерін кеңейтеді, музыкаға қимылдар жасап, музыкалық бейненің дамуын байқауға көмектеседі. Балалардың музыкалы-ырғақтық іс-әрекеті бір-бірімен байланысты үш бағыттарда жүреді. Оның біріншісі музыкалық есту қабілеттерін және музыкалық дамуын, музыкалық білімді мегеруді қамтиды, музыкаға байланысты қимылдарын бағындыру іскерліктерін қалыптастырады. Екінші бағыты дұрыс қозғалудың қимылын жасау дағдысын үйретеді: жүрістің (маршпен, көтеріңкі, спортшы, салтанатты, сабырлы); қадамның (биік, аяқтың ұшымен, жұмсақ, өткір, кең және т.б.); секірудің (энергиялы, жеңіл); аяқтың ұшымен айналу; қолдардың қимылы (жұмсақ, энергиялы); қол соғу (қатты, ақырын, қолдарды бір-біріне жақын, алшақ ұстап); қатарласып, қатарласпай тұру; қолдарына бір нәрселер ұстап қозғалу (жалаушалар, гүлдер); би элементтері (вальс, полька, қазіргі балаларға арналған билердің элементтері). Үшінші бағыт дене қимылын басқарудың ептілігін қалыптастыруды қамтиды: жылдам және нақты тоқтап қалу, қимылдарды ауыстыру және т.б. Мұғалім сабаққа дайындалу кезінде музыкалық материалдың тақырыбының және қимылының дағдысын сабақтың тақырыбына, нақты музыкалық есту қабілеттерінің түсініктерін бекітуге, білімдерін тереңдетуге сай қарастырып, таңдайды. Балаларға қимылдарды сабақтың басында немесе ортасында берудің мақсаттылығы жайындағы сұрақтың мәні бар. Оқушылардың қимылдарды жасауларының сапалығы олардың музыкалық бейнені түсінуіне және де мұғалімнің шығарманы мәнерлеп орындауына байланысты. Мұғалімнің музыкалық материалды жатқа білуі тиіс. Өйткені оқушылар қиылдарды жасап жатқандарында оларды бақылап, қателерін жөндеуі керек. Оқытушы барлық қимылдарды балаларға өзі жасап көрсетуі керек, әсіресе 1-2 сыныптың балаларына, себебі тек сөз арқылы түсіндіру ұтымды нәтижелер бермейді. Қимылдарды көрсету балалардың музыкаға деген эмоционалды жауаптарын белсендіре түседі. Қимылдарды үйрену кезінде бейнелеу сөздер, өлеңдер, түсіндіру әдістері қолданылады. Қимылдарды түсіндіруде нақты, айқын салыстыру оқушылардың оны дұрыс және мәнерлі орындауларына көмектеседі. Музыкаға қимылдар жасауды ұйымдастыруда техникалық құрал жабдықтарды кеңінен пайдалану қажет. Бұл арқылы оқушылар өздеріне таныс шығармаларды жаңаша орындалуда естиді, ал оқытушы болса қимылдардың орындалу сапасын қадағалап және қажет болған жағдайда жөндей алады. Сонымен қатар, техникалық құрал жабдықтарды қолдануда, мұғалім оқушылармен бірлескен шығармашылық үрдісіне қатысады (мысалы, музыкалы - ойынның бейнесін құрастыру, әнге инсценировка жасау). Сабаққа дайындықтар жүргізу барысында мұғалім қандай шығармаларды СД дискісі, үн таспасы арқылы тыңдатуды ойластыруының және оларды өзінше орындауының үлкен мәні бар. Б.Ш. Сарыбаевтың “Көне қазақ халық аспаптары” атты еңбегінде қазақ халқының музыкалық аспаптарының шығу тарихы, оның өзіне тән ерекшеліктері туралы кеңінен жазылып, аспаптар мынандай топтарға бөлінген: үрмелі аспаптар-сыбызғы, қамыс сырнай, саз сырнай, үскірік, тастауық, керней; ішекті аспап – шаңқобыз; ұрмалы музыкалық аспаптар дабыл, даңғыра, кепшік, дауылпаз, шыңдауыл асатаяқ, қоңырау және т.б. Осы аспаптардың түрлерін сабақтарда қолдануында мұғалім олардың атқаратын қызметі туралы түсінік береді. Ал осы аспаптардың ішіндегі кеңінен тарағаны – домбыра. Бұл аспапты балалар жастайынан көріп, естіп өскендіктерінен, онымен таныс болады. Бұл аспап – қазақ халқының сүйікті музыкалық аспабы. Қасиетті домбыраны әрбір қазақ үйінің төрінен көруге болады. Балалар домбыраның құрылысымен танысады. Халық аспаптарында орындалатын шығармалар барлық түрлерінде орындала береді. Домбырада күйлерді орындаудың төкпе, шертпе, іліп-қағу сияқты әдістері бар екендігімен балаларды таныстыру керек. Кез-келген бағдарламадағы көрсетілген күйлердің сазгерлері жайында мәліметтер беріледі. Қазақ халқының музыкалық аспаптарымен танысқанда балалар олардың шығу тарихын біліп қана қоймай, дыбыс бояуының, үнінің

шығуының ерекшелігіне мән беріп, аспаптардың үндеріне қарай ажыратуды меңгереді. Сонымен қатар, осы аспаптарды біріктіретін орындаушылық ұжым - оркестр ұғымымен танысып, олардың ішіндегі “Отырар сазы” фольклорлы-этнографиялық оркестрімен және оның бас дирижері, әрі сазгер Н. Тлендиевтің “Ата толғауы” күйі тыңдалады. Бұл күйде замана тарихы, ұрпақтың көңіл – күйі, күлкісі, қуанышы бейнеледі. Оқушыларға сабақтарда өткізілген халық аспаптарын қорытындылауда осы күй жақсы мысал бола алады. Сондай-ақ балаларға арналған музыкалық аспаптарда орындау әдісі де қолданылады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда орындау – оқушылардың ұжыммен орындаушылық әрекетінің бір түрі. Музыкалық аспаптарда орындауды сабаққа енгізуде келесі педагогикалық міндеттерді шешеді: 1) балалардың сабақтағы, сыныптан тыс жұмыстардағы және бос уақытындағы орындаушылық әрекетін ынталандыруды (мерекелерде, жанұяда, тынығуында); 2) олардың көркемдік талғамы мен қызығушылығын қалыптастыруға себебін тигізеді; 3) оркестрде орындауға қызығушылығын тәрбиелейді, аспаптардың дыбыс бояуын ажыратып, олардың үнінің гармониясын сезінеді; 4) музыкалық үйлесімдік, ырғақтық сезімдері, тембрлік, гармониялық, мелодиялық есту қабілеттерін дамытуды белсендіреді және т.б. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда орындауда балалардың музыкалы-шығармашылық қабілеттері дамиды.

Сабақтардың нәтижесінде оқушылар мынаны білулері тиіс:- аспаптардың аталуын және оларды сақтаудың ережесін;- аспаптардың дыбыс бояуын ажырату және олардың мәнерлеу мәнісін түсіну;- әрбір аспаптарда орындаудың амал-тәсілдерін меңгеру;- ансамбльмен бірлесіп орындау дағдыларын меңгеру, қиын емес әуендерді орындау, қиын емес шығармалардағы достарының партияларды орындауындағы сапасын байқау;- дыбыстардың аталуын және олардың аспаптардағы орналасуын, нота желісіндегі орнын білу және т.б. Бастауыш сыныптарда қарапайым музыкалық аспаптарды қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы, сүйіспеншілігі, белсенділігі, жауапкершілігі артады. Музыка сабағындағы оқушылардың шығармашылығына тоқталсақ, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық бастамасы жарқын көрінетіні белгілі, олар интонациялауды, еліктеуді қайталауда жаңашыл болады, ертегілердің, тарихтың, әннің, музыкалық шығармалардың бейнелік мазмұнын жеңіл қабылдайды, олардың бойында табиғи белсенділік пен өздерінің шығармашылық мүмкіншіліктеріне деген сенімділіктің болуы тән. Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығының дамуының аса бағалы бұлағы болып табылады.

Шығармашылық қабілеттері барлық іс-әрекеттерінде қажетті және есте сақтау, ойлау, бақылау, ұмтылу, сезіну сияқты қабілеттерін жандандыра түседі. Музыкалық шығармашылықта ойлау қабілетінің сезінуімен жауап беруі, абстрактылы және нақтылы ойлауы, логиканың интуициямен бірігуі, шығармашылық қиялы, белсенділігі, жылдам шешім қабылдау қабілеті жетекші қызмет атқарады. Балалардың шығармашылығы өз бетінше әрекет жасауымен, өздеріне белгілі музыкалық есту қабілеттеріне, білімдеріне, дағдыларына сүйене отырып, оларды музыкалық іс-әрекеттердің басқа да түрлерінде, жаңаша жағдайларда пайдалануына байланысты. Музыкалы танымдылық үрдісі шығармашылық атмосферасында дамытушылық сипатқа ие болады. Музыка сабағындағы оқушылардың шығармашылығы әрине өнер емес, ол музыкалық тәжірибенің танымдылық-ізденісін білдіреді.

Оқушылардың шығармашылығының құндылығы, оларға музыка әлеміндегі белгісіз жаңа нәрсені өздерінің ашқандығында. Оқушылардың шығармашылығының тәрбиелік мәнісі өте жоғары бағаланады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығының бастамасы қарапайым әндердің әуенін орындаудан, берілген өлеңнің сөзіне, сөйлемге әуендер шығаруынан, музыкаға байланысты мәнерлі қимылдарда әртүрлі шығарманың көңіл-күйін білдіруінен, тыңдауға арналған музыкалық шығармалардың ырғақтық сүйемелдеуін жасауынан, тыңдалған шығарма жайындағы өз пікірін білдіруінен байқалынады. Оқушыларды шығармашылыққа дайындау процесінде өзара байланысты үш бағыт көзделеді. Оның бірінші бағыты балалардың өмірлік және музыкалық әсер алуын

байытады. Мысалы, ертегілердің өлеңдері, халықтың салт-дәстүрін, кітәптің кейіпкерлерін, аңдардың қылықтарын танып білу белгілі бір музыкалық ойынды жүргізуге негіз бола алады. Көркемдік құнды шығармаларды қабылдау оқушылардың есту қабілеттерін толықтырып, музыкаға деген қызығушылықтарын арттырады. Екінші бағыт оқушыларды шығармашылық әрекеттің тәсілдерімен таныстырады. Осы мақсатпен оқушыларға жеңіл пьесаларды, әндерді салыстырып, олардың ладтық интонациясын, қарама-қарсы көңіл-күйін, ырғақтарын ажырату тапсырылады. Музыкалық шығармашылыққа үлгілер беріледі, мысалы, үйретіліп жатқан шығармаға ырғақтық кіріспе шығару және т.б. Үшінші бағыт шығармашылық әрекеттің тәсілдерін меңгеруді қарастырады. Басында оқытушы оларды өзі көрсетеді: әнді балалармен талдап болған соң, оның орындау жоспарын ойластырады да, белгілі бір шығармашылық шешімін қабылдайды. Жақсы таныс әндерді мысалға келтіріп, мұғалім балаларға ладтың басқыштарының дыбыстары әртүрлі музыкалық бейнелерді келтіріп, музыканың сипаты музыкалық мәнерлеу тәсілдерінің жиынтығына байланысты екендігін түсіндіреді. Тәжірибеге сүйене отырып, балалар әндер, әуендер шығаратын болады. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне дайындығының үлкен маңызы бар. Мысалы, әуеннің әртүрлі үлгілерін ойлап шығару үшін, олардың интонациялы - ырғақтық тәжірибесі болуы керек, бұл тәжірибелері біртіндеп және белгілі жүйемен қалыптасады. Сондықтан оқушылар мұндай тапсырмаларды шешуден бұрын өлеңнің сөзін, оның ырғақтық құрылысын, әуенінің құрылымын меңгеру керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Жайлымысова Г.А., Әділова Ш.С., Арипбаева Л.Ш. Қазақ музыкасының тарихы. Алматы: Эверо, 2022, 53 б.
2. Ш. Әбенев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 2004, 192 б.
3. М.Ералиева. Бастауыш сатыдағы оқу - тәрбие үрдісінде. Алматы: Эверо, 2015, 248 б.
4. Момынұлы П. Музыкалы-эстетикалық тәрбие. Алматы: Өнер, 2002, 280 б.
5. Дүйсембінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған: Дәуір, 2016, 205 б.
6. Бекхожина Т. Даламның назды саздары. Алматы: Өнер, 2016, 208 б.
7. Танкешова Ф.С. Музыкалық білім берудің әдістемесі. Шымкент: ОҚМУ, 2008, 22 б.

Аннотация

Проблемы музыкального воспитания детей в развитии общественной жизни в нашей стране тесно связаны со всеми происходящими изменениями. Вот почему публикуются новые программы для уроков музыки в общеобразовательной школе, а также есть ряд нововведений в области музыкального образования и воспитания. В рамках обновленной образовательной программы преподаватели музыки знакомятся с краткосрочными, долгосрочными, среднесрочными планами, целями, задачами и практически проводят уроки музыки. Обновленная программа по музыке для 1-го класса в общеобразовательной школе разработана в трехязычной системе образования, авторами являются М.А. Оразалиева, С.К. Омарова. Целью учителя музыки является создание конкурентоспособной, реалистичной. Цель учителя музыки - быть признанным конкурентоспособным, реалистичным человеком, способным перейти в современный мир. : Кульманова Ш., Сулейменова Б. исходя из положения типовой программы, а также дидактических принципов, особое внимание уделяется возрастным особенностям учащихся 2 класса, их интересам, склонностям и потребностям, а также учебным материалам развивающего характера.

Abstract

The problems of musical education of children in the development of public life in our country are closely linked with all the changes that are taking place. That is why new programs for music lessons are published in the general education school, and there are also a number of innovations in the field of music education and upbringing. Within the framework of the renewed educational program, music teachers get acquainted with short-term, long-term, medium-term plans, goals, tasks, plans and practically conduct music lessons. The updated music program for 1st grade in the general education school is developed in a

three-language education system, the authors are M.A. Orazalieva, S.K. Omarov. It is said that the goal of a music teacher is to create a competitive, realistic personality that can move into the modern world.